

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

Ой мен ойын шоуы

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/25235/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сидербаева Гулмира**Тақырыбы:** *Ой мен ойын шоуы***Мақсаты:** Оқушыларды математика апталығына белсенді араластыру, қарым-қатынас жасау. Басты мақсат ойнай отырып ойлау.**Түрі:** Математикалық ойын**Көрнекілігі:** Парақшалар, тақта

Жалпы білім беретін Бесікті орта мектеп-интернатының белсенділері мен математика жұлдыздары шеберліктерін пайдаланып, әрі білімдерін ұштастырып 40 минуттың ішінде аса құлшыныспен жеңіске жетудің жолдарын көрсетеді. Олар ойын барысында қиындыққа да, күлкілі жәйтке де тап болады. Сіздер бұның барлығын тамашалай аласыздар. Бұл ойында жеңілген топ еден жуады, сондықтан да жеңіске ұмытылыңдар. Ойын 5 бөлімнен тұрады және шарт бойынша 2 командада 6 адамнан болады. Басты мақсат ойнай отырып ойлау.

I топ - Құрамы:

II топ - Құрамы:

Қай топ бастау керектігін анықтау үшін, топ басшылары сулифа жасайды

«Ой мен ойын» шоуы 5 бөлімнен тұрады:**I бөлім. Сандарды тап****II бөлім. Көп сөйлеме****III бөлім. Суреттер сөйлейді**

IV бөлім. Сөз жұмбақ**V бөлім. Бетпе-бет**

I бөлім. « Сандарды тап» бөлімінің шартымен таныстырайық: Берілген қарапайым есептерге сандарды сәйкестендіреді.

I топқа:

1.Термометр аяз болғасын -үш градус көрсетіп тұр, осындай екі термометр неше градус көрсетеді? (3)

2.Он бір түйе, бес жылқы.

Екі сиыр, бес ешкі

Екі қоян үш түлкі

Таба алмайсың бос күлкі (28)

3. «Бейжің» олимпиадасы қай жылы болды? (2008)

4. квадраты неге тең? (1225)

II топқа: 1. Бөлмедегі әр бұрышта бір мысықтан және оған қарама-қарсы үш мысықтан отырса, бөлмеде неше мысық? (4)

2.Бес бұтақты ағашта

Бұтақ сайын бес алма

Біреуін бер алашқа,

Қалады сонда қанша алма (24)

3. «Лондон» жазғы олимпиада ойыны қай жылы болды? (2012)

4. квадраты неге тең? (729)

II бөлім. «10 сұрақ» бөлімінің шарты: Математика, информатика және физикаға байланысты сөздерді ыммен (мимикамен) түсіндіру. Топтың капитаны ортаға шығып, топтың құрамына 2 минут уақыт ішінде сөз жасырады. Түсіндіре алмаған сөздерді келесі деп жүре беруге болады.

I топқа: қосу, таразы, F күш, көбейту, компьютер, шеңбер, бөлу, бұрыш,тышқан (мышь), циркуль

II топқа: азайту, теңдік, үйкеліс күші, пернетақта, ромб, теңсіздік, түзу, диск, сызғыш

III бөлім. «Суреттер сөйлейді» бөлімінің шарты: топ мүшелері кезекпен -кезек санға байланысты мақал - мәтелдерді 30 секунд ішінде тақтаға суреттеп, тобына түсіндіру. Топтың құрамы сол суреттен мақал құрастыру керек.

I топқа:

1. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл.
 2. Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды.
 3. Жігітке жеті өнер де аз
 4. «Он бесте отау иесі
 5. Бас екеу болмай, мал екеу болмас
6. Бес бармақ жиналса, жұдырық болады

II топқа:

1. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады
2. Жеті қарақшыны таныған, жеті күнде адаспас
3. «Бір тал кессең он тал ек»
4. Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болсын
5. «Бес саусақ бірдей емес
6. Тәртеу түгел болса, төбедегі келеді

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.

IV бөлім. «Сөз жұмбақ» бөлімінің шарты: Бұл бөлімде топтың құрамының көздері байланады, қолдарына әріптер беріледі, сол әріптен қойылған сұрақтың жауабын құрастыру.

I топқа:

1. Біз санбыз сызықпен бөлінген

Математиканы ұқпас адамға

Құбыжық боп көрінген

Дұрыс, бұрыс, аралас

Ондық болып бөлінген (бөлшек)

2. Құрамында әріпі бар өрнек (теңдеу)

3. **1;2;3;4;....n; сандар жиыны қалай аталады (тізбек)**

4.Сандар екіге бөлінеді. Жай сандар, (құрама)

II топқа:

1.Бұрыштың өлшемі (градус)

2. теңдеуінің графигі (шеңбер)

3.төрт амалдың бірі (азайту)

4. Абсолют шама (модуль)

V бөлім. «Бетпе-бет» бөлімінің шарты: Бұл бөлімде капитан ортаға шығады, топ мүшелерінің қолдары байланады. Оларға кезекпен - кезек мектепке және қоршаған ортаға байланысты сөздер көрсетіледі, сол сөзді капитандарына ыммен (мимикамен) түсіндіреді.

1.кітап7.тақта

2.сөмке

8.компьютер

3. серуендеу9. домбыра

4.парта10.мұғалім

5.Тал,ағаш11. қалам

6. микрофон 12. мектеп

Қорытынды: «Ой мен ойын» шоуы осымен аяқталды. Ұпай сандары есептеліп, жеңілген топ ортаны тазалайды, жеңген топ жеңіске жетеді

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.